

Медициналық бұйымды медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы

Мирагель Бэби, тистер шыққан кезде қызыл иекке арналған гель, сықпада 15 мл

Медициналық бұйымның құрамы мен сипаттамасы

Құрамы:

Дериханалық түймедақ гүлдері экстрактісі, алоз вера жапырақтары экстрактісі, гиалурон қышқылы, дамаск раушан күлтелері экстрактісі, мальва силвестрис экстрактісі, пектин, ксантан шайыры, глицерин, ксилит, калий сорбаты, натрий бензоаты, лимон қышқылы, су.

Сипаты: Ауыз қуысында жергілікті қолдану үшін раушанға тән иісі бар көрпітас түсті мөлдiр гель.

Мирагель Бэби қабынған қызыл иектің сезімталдығы мен тітіркенуін азайтады, ауырсынуды жеңілдетуге көмектеседі, сабиге тіс шығу кезеңінің жеңіл өтуіне ықпал етеді.

Дамаск раушаны, түймедақтың, алозның және мальваның табиғи экстрактілері қабынуға қарсы және тыныштандырығыш қасиеттерге ие, қышынуды, қабынуды және тітіркенуді тоқтатуға көмектеседі. Гиалурон қышқылы және пектин қызыл иектің бетінде белсенді заттарды ұстайтын қорғаныс үлбірдің қалыптасуына ықпал етеді.

Гельдің құрамында қант, бал, аспартам, сахарин немесе басқа да жасанды тәттілендіргіштер, хош иістендіргіштер, алкоголь, жергілікті анестетиктер, парабөндер жоқ.

Канюля мен бұрандалатын қалпақшасы бар ақ полиэтиленді сықпада 15 мл. Қолдану жөніндегі нұсқаулықпен бірге картоннан жасалған қорапшада 1 сықпадан.

№ 002-МД Техникалық спецификацияға сәйкес өндірілген.

Тұтынушылар үшін медициналық бұйымды қолдану саласы мен тағайындалуы

Стоматология.

Балаларда тіс шыққан кезде пайда болатын симптомдарды емдеу үшін, қызыл иек ауырғанын сезінуді, қабынуды, қышынуды және тітіркенуді азайтуға арналған.

Қолдану тәсілі және дозалары:

Қабынған аймақты жабу үшін, гельдің жеткілікті мөлшерін жағыңыз және қызыл иекті амайлап ұқалаңыз.

Әсер етуді ұзарту үшін, тамақтанудан кейін және ұйқыға дейін пайдаланыңыз. Қажеттілігіне қарай, күніне 3-5 рет пайдаланыңыз.

Медициналық бұйымды пайдалану кезінде сақтық (қауіпсіздік) шаралары және шектеулер бойынша ақпарат

Гель қызыл иекке жағу үшін ғана арналған.

Тұншығу қауіпін болдырмау үшін, медициналық бұйымды

сабидің қолында ешқашан қалдырмаңыз.

Егер контейнер алғашқы ашқан кезде зақымдалса, өнімді

пайдаланбаңыз.

Пайдаланар алдында медициналық бұйымда сыну мен тозу іздерінің жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

Егер симптомдар кетпесе, дәрігерге жүгініңіз.

6 айға толмаған балаларға Мирагель Бэбиді пайдалану

ұсынылмайды.

Шешім: N030232. Шешім тіркелген күні: 10.07.2020

Мемлекеттік орган басшысының (немесе уәкілетті тұлғаның) төгі, аты, әкесінің аты (бар болса): Ахметниязова Л. М. (Тауарлар мен көрсетілген қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті). Осы құжат «Электронды құжат және электрондық цифрлы қол қою жөнінде» 2003 жылғы 7 қаңтардағы ҚРЗ 7-бабы 1-тармағына сәйкес қағаз түріндегі құжатқа тең

Қалдықты немесе мерзімі өткен өнімді кәдімгі тұрмыстық қалдықтар ретінде утилизациялауға болады.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Қарсы көрсетілмдер анықталған жоқ. Мирагель Бэбидің кез келген компонентіне жоғары сезімталдық (аллергия) болған кезде қолданбаңыз.

Медициналық бұйымды сақтау мерзімі мен шарттары туралы ақпарат

Сақтау мерзімі

2 жыл.

Жарамдылық мерзімі өткеннен кейін қолдануға болмайды!

Сақтау шарттары

250С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Медициналық бұйымның өндірушісі және оның уәкілетті өкілі туралы мәліметтер. Өндіруші

Farmaceutici Procemsa S.p.A

Via Mentana 10 -10042, Никелино, Италия

Тел./факс: +0039-011-6279337. Электронды поштасы:

info@procemsa.it

Ұлыбритания, Seltfar LTD. компаниясы үшін тапсырыспен дайындалды.

(Berkeley Square house office 132, London, England, W1J 6BD Тел./факс +44 (0)207 969 1421/1424, info@seltfar.co.uk).

Қазақстан Республикасы аумағында өндірушінің уәкілетті өкілі/ тұтынушылардан медициналық бұйым жөніндегі шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын, медициналық бұйымның тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйым:

«Сэлтфар ЛТД» өкілдігі. Алматы қ., Әл-Фараби д-лы 5, Нұрлы тая 1А, 301 кеңсе. Тел/факс +7 (727) 311 16 28.

Электронды пошта: info@seltfar.co.kz

Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты шығару: 20.09.2017.

Таңбалау кезінде пайдаланылған символдар мен белгілеулердің түсіндірмесі



Егер қаптама зақымдалса, пайдаланылмайды



Өндіруші



Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты оқыңыз



Серияның нөмірі



Дейін жарамды



Еуропалық Одақтың директивалары мен үйлестірілген стандарттарының негізгі талаптарына бұйымның сәйкестік белгісі, цифрлар белгісі берген уәкілетті органының сәйкестендіруші нөмірін білдіреді.